

**Атырау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 174 "Алушылар санатының тізбесін және әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 тамыздағы № 288 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қыркүйекте № 3290 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы мәслихатының 29 маусымдағы 2020 жылғы № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы мәслихатының 29.06.2020 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес және қалалық әкімдіктің қаулысын қарап, Атырау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 174 "Алушылар санатының тізбесін және әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2855 болып тіркелген, 2014 жылы 25 наурыз күні "Атырау" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 1 тармағында "100 (жүз)" деген сандар "1500 (мың бес жүз)" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау тұрғындарды әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, жастар және спорт ісі, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Б. Шеркешбаева).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XXXV сессия төрайымы,  
қалалық мәслихат хатшысының  
уақытша міндетін атқарушы*

*Б. Хаменова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК